

А.Б. Балахожаева^{1*} , Қ.Қ. Аубакирова² 

¹ Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

*e-mail: balahozhaeva.aigerim@gmail.com

МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТЕР ЖӘНЕ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ

Бұл мақалада XIII-XV ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ең негізгі жазба дереккөздері саналатын «Китаб Әл-Идрок Ли-Лисан Әл-Атрак», «Китаб мажмуа тіржұман түрки уә ажами уә муғули уә фарси», «Китаб әд-дурра әл-мудийя фи әл-луға әт-туркийя ала әт-тамам уә әл-кәмәл», «Әл-Қауанин әл-куллийа лидабт әл-луғат әт-туркийя» және «Китаб әт-тухфа әз-закийя фи әл-луға әт-туркийя» жазбалары негіз етіле отырып, тарихи мәмлүк-қыпшақ тіліндегі типтік сипаттағы негізгі етістіктердің басты ерекшеліктер мен көмекші етістіктер салыстырылып, етістіктің шақ және рай категориясына қазіргі қазақ тілімен салыстырыла зерттеу жүргізілді. Бұл бағытта ең алдымен аталған жазбаларға сипаттама беріліп, тарихи мәмлүк-қыпшақ тілі бойынша жүргізілген тіке немесе жанамалай зерттеулерге қысқаша шолу жасалды. Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу нәтижесінде мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі негізгі етістіктер мен көмекші етістіктердің құрылымдық және семантикалық ұқсастықтар мен шақ және рай категориясының грамматикалық ұқсас ерекшеліктерге ие екені дәлелденді. Мақалаға арқау болған тарихи мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы лексикалық және грамматикалық сабақтастық үрдісін анықтау қазақ тілінің тарихи даму үдерісін зерттеу тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Түйін сөздер: мәмлүк-қыпшақ тілі, қолжазба, қазақ тілі, етістік, шақ категориясы.

A.B. Balakhzhayeva^{1*}, K.K. Aubakirova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

*e-mail: balahozhaeva.aigerim@gmail.com

Verbs and tenses in the Mamluk-Kipchak and Kazakh language

This article provides a comparison of typical properties of the principal features of the main and auxiliary verbs and a study of the tense categories and moods of the historical Mamluk-Kipchak language in comparison with the modern Kazakh language considering such well-known written sources in the Mamluk-Kipchak language of XIII-XV centuries as “Kitab al-Idrak Li-Lisan Al-Atrak”, “Kitab majmuatirjuman turki ua ajami ua muguli ua farsi”, “Kitab ad-durra al-mudiyya fi al-luga”, “At-turkiya ala at-tamam ua al-kamal” and “Al-Qawanin al-kulliya lidabt al-lugat at-turkiya”. In this regard, descriptions of the mentioned written sources were given first, and a brief overview of special and general studies on the study of the historical Mamluk-Kipchak language is also provided. The comparative study showed that the main verbs and auxiliary verbs in the Mamluk-Kipchak language and the modern Kazakh language have structural and semantic similarities, as well grammatical similarity in terms of tense and mood. The definition of the process of lexical and grammatical continuity between the historical Mamluk-Kipchak language and the modern Kazakh language, which is the basis of the article, has particular importance from the point of view of studying the historical development of the Kazakh language.

Key words: Mamluk-Kipchak language, manuscript, Kazakh language, verb, tense category.

А.Б. Балахожаева^{1*}, К.К. Аубакирова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда

*e-mail: balahozhaeva.aigerim@gmail.com

Глаголы и временные категории в мамлюкско-кипчакском и казахском языках

В данной статье на основе таких наиболее известных письменных источников XIII-XV вв. на мамлюкско-кипчакском языке, как «Китаб ал-идрак ли-лисан аль-атрак», «Китаб маджмуа тирджуман турки уа аджами уа муғули уа фарси», «Китаб ад-дурра ал-мудийя фи ал-луға», «Ат-

тюркия ала ат-тамам уа аль-камал» и «Аль-каванин ал-куллия лидабт ал-лугат ат-туркия», были сопоставлены типовые свойства главных особенностей основных и вспомогательных глаголов и были изучены временные категории и наклонения исторического мамлюкско-кипчакского языка в сравнении с современным казахским языком. В этом направлении сначала были даны описания к вышеуказанным письменным источникам, также приведен краткий обзор специальных и общих исследований по изучению исторического мамлюкско-кипчакского языка.

Сравнительное исследование показало, что основные глаголы и вспомогательные глаголы в мамлюкско-кипчакском языке и современном казахском языке имеют структурно-семантическое сходство и грамматическое сходство в категориях времени и наклонения. Определение процесса лексической и грамматической преемственности между историческим мамлюкско-кипчакским языком и современным казахским языком, лежащим в основе статьи, имеет особое значение с точки зрения изучения исторического развития казахского языка.

Ключевые слова: мамлюкско-кипчакский язык, рукопись, казахский язык, глагол, категория времени.

Кіріспе

Ортағасырлық қыпшақ тілі тек тұтас Дешті-Қыпшақ даласында ғана қолданылып қалмастан, XIII-XV ғасырларда Мысырдағы Мәмлүктер мемлекетінің де ресми тілі болды. Мысырда қолданылған бұл тарихи түркі-қыпшақ тілі мәмлүк-қыпшақ тілі болып аталады. Тарихи деректер бойынша, орта ғасырлық Мысыр мен Сирияда «ерекше әлеуметтік және құқықтық мәртебесі бар сарбаздар» ретінде «билеушілердің әскери қызметінде болған» мәмлүктер (Koraman, 2002: 99) Муизүддин Айбектің басшылығымен 1250 жылы Аюбидтер династиясын тақтан тайдырып, Мәмлүк мемлекетін (دولة المماليك) құрғаннан кейін, 1517 жылға дейін 267 жыл ел билігін тізгіндеп, аймақта өз ықпалын жүргізіп келді (Үгіт, 2004: 90-97). Осылайша Мысыр мен Сирияда мәмлүктердің ықпалының артуына байланысты мәмлүк-қыпшақ тілі билеуші таптың тілі ретінде билік пен әскери құрылымдардың ресми құжаттарында кеңінен қолданылумен қатар, жергілікті халықтар арасында да үлкен қызығушылық туғызды. Осыған орай мемлекетте мәмлүк-қыпшақ тілін оқытуға үлкен мән беріліп, тіл үйренуді жеңілдету мен аударма саласы үшін керекті сөздіктер мен грамматикалар құрастырылып, әдеби шығармалар жазылды. Енді бір жағынан араб-парсы тілдеріндегі діни және әдеби шығармалар да түркі-қыпшақ тіліне аударылды. Тіпті 14 ғасырда Мысырда Әмір Сұрғатмыш құрған Каир медресесінде Дешті-Қыпшақтан келген ғалымдар да ұстаздық етті (Eckmann, 1963: 304-305; Үйсел, 2002: 420-421). Қыпшақ текті мәмлүк ақсүйектер тобының қалыптасуымен қатар, орда төңірегінде араб және түркі-қыпшақ тілін жетік меңгерген зиялы қауым өкілдерінің болуы түркі-қыпшақ тілінің сарай тілі, тіпті ресми тіл

мәртебесіне жетуіне түрткі болып, Мысырда түркі-араб кәсіпшілігі пайда болды (Батыршаұлы, 2005: 156).

Сөйтіп, XIII-XV ғасырларда мәмлүктер билігі кезінде Мысырда түркі тілдерінің қыпшақ, оғыз, қарлұқ және түрікмен диалектілері жеке-леген топтар арасында қолданыста болғанымен, негізінен қыпшақ диалектінің қолданысы үстем болды. Өйткені Мысырдағы мәмлүктер арасында Дешті-Қыпшақ даласынан келген қыпшақ текті мәмлүктердің ықпалы да, саны да басым болған еді. Дешті-Қыпшақтағы беріш тайпасынан шыққан, 1260-1277 жылдар аралығында Мысырда Мәмлүк сұлтаны болған Бейбарыс кезінде мәмлүктер арасында қыпшақтардың басымдылығы тіпті де айқын көрінген болатын (Thorau, 1992: 28). Түркітанушы және қыпшақтанушы ғалымдардың көпшілігі өз зерттеулерінде мәмлүктер билігі тұсында мысырлықтардың қыпшақ тілін билік пен әскер және дипломатиялық қарым-қатынаста мемлекеттік-әкімшілік тіл ретінде кеңінен қолданғанын алға тартады. Т.Н. Кун (1941-43), А. Zajaczkowski (1959), М.Н. Маженова (1959), J. Eckmann (1963), Ә. Құрышжанов (1970), Б. Сүйерқұл (1999) және А.В. Ergilasun (2007) қатарлы түркітанушы ғалымдар мәмлүктер тіліндегі қыпшақтық ерекшеліктің басымдығын дәлелдеп көрсетіп, зерттеулерінде «мәмлүк-қыпшақ тілі» терминін қолданды. Аталған кезең бойынша кейбір зерттеулерде басқа да атаулар қолданылатындықтан, бұл мақалада J. Eckmann ғылыми айналымға енгізген мәмлүк-қыпшақ және түркі-қыпшақ тілі ұғымдары қолданылды.

Зерттеудің мақсаты – мәмлүк-қыпшақ тіліндегі етістіктердің ерекшеліктері мен ішінара грамматикалық категорияларын қазақ тілімен салыстыра зерттеп, ұқсастықтарын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі

зерттеу міндеттері негізге алынды: мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің жинақтау, сипаттау; қолжазбалардың грамматикалық бөліміне талдау жасау; мәмлүк-қыпшақ тіліндегі етістіктердің фонетикалық және семантикалық ерекшеліктері және рай категориясы мен шақ категориясының қазіргі қазақ тілімен типтік ұқсастықтарын нақтылау. Зерттеудің нысаны – «Китаб Әл-Идрак Ли-Лисан Әл-Атрак», «Китаб мажмуа тіржұман түрки уә ажами уә муғули уә фарси», «Китаб әд-дурра әл-мудыййа фи әл-луға әт-туркийя ала әт-тамам уә әл-кәмәл», «Әл-Қауанин әл-куллийа лидабт әл-луғат әт-туркийя» және «Китаб әт-тухфа әз-закийя фи әл-луға әт-туркийя» сияқты XIII-XV ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақ тілінің жазбаларындағы етістіктер.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ тілінің етістіктерінің басты ерекшеліктері анықталып, олардың лексикалық және грамматикалық сипаты тұтас бір жүйе ретінде қазақ тілімен сабақтастырылып, салыстырмалы түрде зерттелді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мәмлүк мемлекеті (1250-1517 жж.) кезінде кең қолданыста болғанын түркі-қыпшақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін сол кезде жазылған грамматикалық еңбектер мен арабша-қыпшақша сөздіктерден анық байқауға болады. Сондықтан, бұл мақалада XIII-XV ғасырларда жазылған мәмлүк-қыпшақ тілінің жазбалары негізгі материал ретінде қарастырылды. Атап айтқанда, аталмыш материал көздерін төмендегідей сипаттауға болады. 1) Ортағасырлық араб филологы Асираддин Абу Хаййан Мұхаммед бин Али Йусуф әл-Гарнатидың (1256-1344 жж.) 1312 жылы жазылған «Китаб Әл-Идрак Ли-Лисан Әл-Атрак (كتاب الإدراك للسان الأترک)» (Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап) атты еңбегі (бұдан әрі қысқаша «Әл-Идрак») мәмлүк-қыпшақ тілін зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. Қолжазба ең алғаш 1891 жылы Ыстамбұлда жарияланған. Екі бөлімнен тұратын жинақтың бірінші сөздік бөлімінде қыпшақша-арабша 3500 есім мен етістіктің тізімі берілсе, екінші бөлімінде қыпшақ тілінің фонетикасы мен морфологиясы туралы айтылады (Маженова, 1959: 4). 2) 1343 жыл Мысырда мәмлүк-қыпшақ тілі туралы классикалық араб тілінде арабтарға

түркі-қыпшақ тілін үйрету мақсатында жазылған «Китаб мажмуа тіржұман түрки уә ажами уә муғули уә фарси (كتاب مجموع ترجمان ترکی وعجمي)» (Түрік, араб, парсы және моңғол тілдері жинағының аударма кітабы) атты жазба ескерткіш (бұдан әрі қысқаша «Тәржұман») – мәмлүк-қыпшақ тілін зерттеуде негізгі дереккөздерінің бірі. Аталған еңбектің бірінші бөлімінде арабша-түрікше сөздік пен грамматика, ал екінші бөлімінде моңғолша-парсыша сөздік берілген (Құрышжанов, 1970: 17). 3) XIV ғасырда жазылған, бірақ авторы белгісіз «Китаб әд-дурра әл-мудыййа фи әл-луға әт-туркийя ала әт-тамам уә әл-кәмәл (كتاب الدرّة المضیة فی اللغة التریکیة علی التمام و الکمال)» (Түрік тілінің жарқын інжу-маржаны әрі толық жазылып біткен кітап) атты еңбек те (бұдан әрі қысқаша «Әд-дурра») арабтарға түркі-қыпшақ тілін үйрету мақсатында жазылған (Құрышжанов, 1970: 171). 4) Ал XV ғасырдың басында жазылған «Әл-Қауанин әл-куллийа лидабт әл-луғат әт-туркийя (القوانین الکلیة لضبط اللغة التریکیة)» (Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы) атты қолжазбаны (бұдан әрі қысқаша «Әл-Қауанин») мәмлүктер дәуіріндегі түркі-қыпшақ тілінің грамматикасы жайлы жазылған ең көлемді шығарма деуге болады (Bilgin; Nacieminoğlu, 2002: 421-424). 5) XV ғасырда жазылды делінетін «Китаб әт-тухфа әз-закийя фи әл-луға әт-туркийя (كتاب التحفة الزکیة فی اللغة التریکیة)» (Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық) қолжазбасы (бұдан әрі қысқаша «Әт-тухфа») – мәмлүк-қыпшақ тілі жайында араб тілі грамматикасының үлгісімен араб тілінде жазылған қолжазба (Bilgin; Nacieminoğlu, 2002: 421-424).

Жоғарыда аталған мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба материалдардың сөздік қоры мен тілдік ерекшеліктері қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде сақталғандықтан, аталған жазба ескерткіштер қазіргі түркі халықтарының тілдік тарихын, нақтап айтқанда, қазіргі қазақ тілі грамматикасының тарихын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. Сондықтан, зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері ретінде XIII-XV ғасырлар аралығындағы мәмлүк-қыпшақ тілінің етістіктері және оның шақ категориясы қазіргі қазақ тілімен салыстырылды.

Зерттеу жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде тіл білімі саласындағы салыстырмалы тілдік зерттеу бағытындағы теориялар мен парадигмалар, шетелдік және қазақстандық

ғалымдардың мәмлүктер билігі кезіндегі (XIII-XV ғ.) мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштер жайында жазылған ғылыми-теориялық зерттеулері мен тұжырымдары негізге алынды. Атап айтқанда, М.Th. Houtsma (1894), Н.А. Баскаков (1962), Т.Н. Кун (1941-43), А. Zajaczkowski (1959), М.Н. Маженова (1959), А.М. Щербак (1961), J. Eckmann (1963), Ә. Құрышжанов (1970), Ғ. Айдаров (1971), М. Төманов (1971), С. Кеңесбаев (1983), Б. Сүйеркұл (1999), А.В. Ercilasun (2007) және Э.Н. Наджип (2012) сияқты авторлардың еңбектері қарастырылды.

Зерттеу жұмысында алға қойған мақсат-міндеттерді шешу барысында қазіргі тіл білімінде қалыптасқан негізгі принциптер мен ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды. Мәмлүк-қыпшақ тілінің етістіктері және оның шақ категориясының қазіргі қазақ тілімен байланыстарын анықтау мақсатында салыстырмалы, салғастырмалы, түйіндеу, сипаттау, талдау сияқты әдістер мен тәсілдер пайдаланылды. Зерттеу барысында XIII-XV ғасырлардағы аталмыш мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба материалдардың сөздік қорындағы етістіктер мен олардың ерекшеліктері және шақ категориясының жасалу жолдары қазіргі қыпшақ тобына жататын қазақ тілінде сақталғандығы анықталды.

Әдебиетке шолу

Араб елдеріне қатысты зерттеулерді алып қарағанда, Мысырда мәмлүктер тақырыбына қатысты зерттеулер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қолға алына бастады. Қазіргі уақытта мәмлүктерге байланысты көптеген диссертациялық жұмыстар, ғылыми мақалалар мен кітаптар жазылумен қатар, ортағасырлық араб тарихшыларының еңбектері өңделіп, басылып шығуда. Осы бағытта тек тілдік зерттеулерді атап айтатын болсақ, А. Әл-Холи (1964) мен С. Мұхаммед (1996) зерттеулерінде және Мәмлүктер мен Алтын Орда арасындағы саяси, әскери, дипломатиялық, мәдени, әдеби және тілдік байланыстар қарастырылған.

Еуропа елдерінде мәмлүктер билігі кезеңі мен Алтын Орда және мәмлүк-қыпшақтарына қатысты зерттеу жұмыстары XVII-XVIII ғасырларда шыға бастады. М. Th. Houtsma (1894), А. Zajaczkowski (1959) және J. Eckmann (1963) сияқты ғалымдар мәмлүктер билігі тұсында жазылған жазба ескерткіштерді баспадан шығарып, батыс тілдеріне аударып, оларға жан-жақты

талдау жасады. Нидерланды ғалымы, түркітанушы R. Ermers (1995) «Turkic Forms in Arabic Structures: the description of Turkic by Arabic grammarians» атты еңбегінде мәмлүктер билігі тұсында дүниеге келген түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерге талдау жасап, «әл-Идрак» қолжазбасын ағылшын тіліне аударды.

Түркияда мәмлүктер билігі дәуіріндегі мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерге қатысты біраз зерттеулер жасалған. Жазба ескерткіштерге қатысты А. İnan (1953), А.М. Özyetgin (2001), R. Toparlı (1999), А.В. Ercilasun (2007) және Н. Кун (2013) т.б. түрік ғалымдарының еңбектерінде сөз болады. Ал, ТМД елдері мен Қазақстан зерттеушілерінің еңбектерінде мәмлүктер билігі кезіндегі Мысыр мен Дешті Қыпшақ арасындағы байланыстар XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың ортасына қарай зерттеле бастаған. Э. Наджиптің «Исследования по истории тюркских языков XI-XIV веков» және «Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XV века» атты еңбектерінде түркі тілдерінің ортағасырлық тарихы, мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген әдеби шығармалардың тілі қарастырылып, түркі-қыпшақ тіліндегі грамматикалық еңбектер мен арабша-қыпшақша сөздіктер туралы жалпылама мәліметтер келтірілген.

Мәмлүктер билігі тұсында Мысырда дүниеге келген жазба ескерткіштердің тілі туралы Ә. Құрышжановтың (1970) «Исследование по лексике «тюркско-арабского словаря», М.Н. Маженованың (1959) «Абу Хайян – исследователь кыпчакского языка (Материалы к истории казахского языка)», Т. Арыновтың (1983) «Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-тухфа аз-закыйа фил-луға ат-туркийя», Б. Сағындықовтың (2009) «XIV ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы (Хорезмнің Махаббатнамасының, Құтбтың Хусрау мен Шырынның және Сайф Сараидің Гүлістан бит-туркиінің материалдары бойынша)», Ә. Керімұлының (2005) «Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XV ғ.)», А. Ибатовтың (1983) «Сөздің морфологиялық құрылымы (XIV ғ. Алтын Орда мен Египетте жазылған ескерткіштердің тілі негізінде)», С. Дүйсеновтың (1995) «Әл-Қауанина-л-кулийа ли дабти-л-луғати-т-туркийя. Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы (мазмұны, графикасы, орфографиясы,

фонетикасы)», Қ. Садықбековтің (2009) «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс ас-Самарқанди ескерткішінің тілдік ерекшелігі», М. Сабырдың (2004) «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы / XIV ғ. жазба ескерткішінің негізінде», Е. Есбосыновтың (2005) «Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Әбу Хаййан еңбегі бойынша XIV ғ.)», Б. Сүйерқұл (1999) «Ат-тухфа ескерткіші (XIV ғ.) тіліндегі етістік категориялары (тарихи-салыстырмалы талдау)» және Ұ.Т. Алжанбаеваның (2001) «Араб тіліндегі түркізмдер (қазақ лексикасы бойынша)» атты зерттеу жұмыстарында қарастырылған. Солардың ішінде М. Мәженова «Әл-Идрак» еңбегі туралы «Абу Хаййан – исследователь кипчакского языка» атты зерттеуінде ортағасырлық ескерткіштің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін көрсетіп, ескерткіштің лексикалық қорын қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып, ескерткіштегі сөздердің 56,5 пайызы қазақ тілінің лексикалық қорымен фонетикалық және семантикалық жағынан толық сәйкес келсе, 33,5 пайызы кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырағанын, ал қалған сөздер оғыз-түркімен тобына кіретін қазіргі түркі тілдеріне ортақ екенін дәлелдейді (Мәженова, 1959: 4). М. Мәженованың пікірін академик ғалым Р. Сыздықова да қуаттайды (Сыздықова, 2014: 34).

Ал Т. Арынов өзінің «Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб әт-тухфа аз-закийя фил-луга-ат-туркийя» атты еңбегінде ескерткіштің сөздік қорын ортағасырлық басқа да еңбектермен және қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып, жан-жақты талдау жасау арқылы ондағы лексикалық материалдардың түгелге жуығы қазіргі қазақ тілі сөздерімен сәйкес келетінін дәлелдеп, алғаш рет қыпшақша-қазақша сөздік жасады. Т. Арынов «әт-Тухфаның» сөздік қорын түгелімен саралап, онда кездесетін түркі (97,5%), араб (0,4%), парсы (2,1%) сөздерінің үлесін анықтаған (Арынов, 1983).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Үш ғасырға созылған түркі-араб мәдени және тілдік байланыстарының нәтижесінде түркі-қыпшақ сөздері мысырлық араб тілінің терминдер жүйесінде де орын алды. Әсіресе, тіл білімі саласында бір тілден екінші тілге өте

сирек ауысатын тілдік категориялар саналатын сан есімдер мен етістіктердің араб тілінің диалектеріндегі фразеологизмдердің құрамында көрініс табуы мәмлүктер дәуіріндегі түркі-араб тілдік байланыстарының тереңдігін дәлелдейді. Мәмлүк-қыпшақ тілінде қолданылған кейбір етістіктер араб тілі диалектінің фразеологизмдерінде де кездеседі. Мысалы, ирак диалектісінде қолданылатын «Қажетің болса, кальяңға от бер» («بحجة النركيلة عطش وير») [bi-ḥaḡati-n-nargīla ‘ateš wer] сөзі көбіне «маңызды, қажетті іс болса, қандай себеппен болмасын сол істі жасау айып еместігі» мағынасында айтылады. Жоғарыдағы тіркесте «عطش وير» [‘ateš wer], яғни «от бер» мағынасындағы сөз кездеседі. Бұл жерде «وير» [wer] түркі тіліндегі екінші жақ бұйрық райдағы «бер» етістігі. Э. Обаның қазақ тілінің тарихи сөздік қоры туралы еңбегінде бұл етістіктің мәмлүк-қыпшақ тілінде «бер-/вер-» түрінде қатар қолданылғаны айтылады (Оба, 2020: 67). Тіл білімінде кірме сөздер мәселесін қарастыру барысында әртүрлі сөз таптарынан енген сөздерді салыстыра зерттеу әдісі орын алған. Осындай зерттеулердің нәтижесінде, кейбір ғалымдар кірме сөздердің арасында етістік мүлдем болмайтындығын, енді бірі мүлдем аз кездесетіндігін алға тартады. Тілдер арасында басқа тілдік элементтерге қарағанда, лексикалық алмасулар басымдылыққа ие. Кез келген тілдің сөздік қорына талдау жасасак, барлық саладағы сөздер ауыса бермейтіндігіне көз жеткіземіз. Мысалы, дене мүшелерінің атаулары, туыстық атаулар, табиғат құбылыстарының атаулары, сан есімдер тұрақты тақырыптық топқа жатады. Ал етістік – бір тілден екінші тілге өте сирек ауысатын тілдік категория. Л.А. Булаховский поляк ақыны А. Мицкевичтің «бөтен тілден етістіктің қабылдануы сол тілдің ұлттық болмысының жоғалтуының белгісі» деген сөздерін келтіре отырып, бір тілден екінші тілге көбінесе зат есім, сын есімдер, одан кейінгі орында одағай, өте сирек жағдайда үстеу, есімдік, сан есім және етістік қабылданатынын айтқан (Булаховский, 1954: 119). Араб тіліндегі түркізмдерді зерттеген Ұ.Т. Алжанбаева араб тіліндегі кірме сөздердің 90 пайызға жуығы зат есім, ал етістіктің үлес салмағы өте аз екендігін ескертіп, араб тіліне енген онға жуық етістіктің тізімін береді (Алжанбаева, 2001: 88).

Жалпы алғанда, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған еңбектерді саралай отырып, етістіктің

үлкен қызмет атқаратындығын көруге болады. Мысалы, мәмлүк-қыпшақ тілінің грамматикасы туралы жазылған «Әл-Қауанин» еңбегінің құрылымдық жүйесі мен түзілу әдісіне қарағанда, еңбек негізгі үш бөлімге, яғни есім сөздер, етістік және көмекші сөздерге бөлінген. Қолжазба тілімен айтқанда: «Бұл тілдегі осы үш сөз табының ішінде ең көп түрленетіні етістік. Етістік бөлімдерінің бірі екінші жақтағы жекеше түрдің бұйрық райы. Өзге тараулар етістіктің осы түрінің астында топтасады. Сөздердің барлығы осыдан жасалады. Сондай-ақ, ол сөздер туындайтын түбір болып саналады» (Әл-Қауани, 5b).

1) Етістіктердегі ұқсастықтар. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі көптеген етістіктер бүгінгі қазақ тілінде сол күйінде немесе ішінара фонетикалық өзгеріспен семантикалық мағынасы өзгеріссіз сақталған. Бұл бағытта, мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазақ тіліндегі фонетикасы мен семантикалық мағынасы бірдей біраз етістіктерді мысалға келтіруге болады, мысалы:

Мәмлүк-қыпшақ: *баула-* (Торарлі, 2007: 25), қазақша: *баула-* (ҚазТС, 2008: 116);

Мәмлүк-қыпшақ: *кел-* (Торарлі, 2007: 136), қазақша: *кел-* (ҚазТС, 2008: 379);

Мәмлүк-қыпшақ: *қайғыр-* (Торарлі, 2007: 133), қазақша: *қайғыр-* (ҚазТС, 2008: 453);

Мәмлүк-қыпшақ: *қақыр-* (Торарлі, 2007: 124), қазақша: *қақыр-* (ҚазТС, 2008: 460);

Мәмлүк-қыпшақ: *қандыр-* (Торарлі, 2007: 125), қазақша: *қандыр-* (ҚазТС, 2008: 470);

Мәмлүк-қыпшақ: *сағын-* (Торарлі, 2007: 222), қазақша: *сағын-* (ҚазТС, 2008: 696);

Мәмлүк-қыпшақ: *шайна-* (Торарлі, 2007: 250), қазақша: *шайна-* (ҚазТС, 2008: 894).

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі кейбір етістіктер қазақ тілінде аз ғана фонетикалық өзгеріске ұшыраса да, семантикалық мағынасы өзгеріссіз сақталған, мысалы:

Мәмлүк-қыпшақ: *еңре-* (Торарлі, 2007: 74), қазақша: *еңіре-* (ҚазТС, 2008: 229);

Мәмлүк-қыпшақ: *иығла-* (Торарлі, 2007: 320), қазақша: *жыла-* (ҚазТС, 2008: 326);

Мәмлүк-қыпшақ: *шүшкүр-* (Торарлі, 2007: 255), қазақша: *түшкір-* (ҚазТС, 2008: 836);

Мәмлүк-қыпшақ: *існе-* (Торарлі, 2007: 114), қазақша: *есіне-* (ҚазТС, 2008: 239);

Мәмлүк-қыпшақ: *чық-* (Торарлі, 2007: 50), қазақша: *шық-* (ҚазТС, 2008: 932);

Мәмлүк-қыпшақ: *ұныт-* (Торарлі, 2007: 133), қазақша: *ұмыт-* (ҚазТС, 2008: 859);

Мәмлүк-қыпшақ: *сеуін-* (Торарлі, 2007: 233), қазақша: *сүйін-* (ҚазТС, 2008: 750).

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі кейбір етістіктер қазақ тіліндегі кейбір етістіктердің түбір тұлғасы ретінде кездеседі әрі семантикалық мағынасында да айырмашылық болмайды, мысалы:

Мәмлүк-қыпшақ: *күркүл-* (Торарлі, 2007: 169), қазақша: *күркіл(де)-* (ҚазТС, 2008: 433);

Мәмлүк-қыпшақ: *ыңыр-* (Торарлі, 2007: 101), қазақша: *ыңыр(ан)-* (ҚазТС, 2008: 945);

Мәмлүк-қыпшақ: *үр-* (Торарлі, 2007: 298), қазақша: *үр(ле)-* (ҚазТС, 2008: 873).

Осы арада атай кететін бір жайт, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі етістіктерді қазақ тілімен салыстыра зерттеу арқылы қазақ тіліндегі түбір тұлғасы көмескілене бастаған кейбір етістіктердің этимологиясын табуға болатын сияқты. Атап айтқанда, жоғарыда мысалға келтірілген *үр-* түбір етістігі қазіргі қазақ тілінде түбір тұлғасымен жеке-дара қолданылмаса да, тұрақты сөз тіркестерінің құрамында кездеседі, мысалы: *үрген қарындай; үрген местей; үріп ауызға салғандай; үріп ішіп, шайқап төкті; Аузы күйген үріп ұрттайды.*

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі етістіктер мен қазақ тіліндегі етістіктердің көбі тұлғалық және мағыналық тұрғыдан ғана ұқсас болып қалмастан, кейбір дыбыстық ерекшеліктері де ұқсас болып келеді. Көне түркі тілімен ұқсас мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «к» дауыссыз дыбысымен басталатын етістіктердің бастапқы дыбысының ұяңданбай өз қалпын сақтауы қазақ тіліне де тән құбылыс. Қыпшақ тілдерімен салыстырғанда, оғыз тілдерінде аталмыш «к» дыбысымен басталатын етістіктердің бастапқы дыбысы ұяңданып «г» болып өзгереді. Мысалы: көне түрік тілі мен көне ұйғыр тілі және «Түркі тілдері сөздігі»-ндегі *кел-* етістігі кейінгі оғыз тілдерінде ұяңданып, *гел-/gel-* болып өзгерсе (Gülensoy, 2007: 393), мәмлүк-қыпшақ тілінде де, қазіргі қыпшақ тілдерінде де *кел-* қалпында бастапқы күйін сақтап қалған (Торарлі, 2007: 136; ҚазТС, 2008: 379). Мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазақ тілінде «к» дауыссыз дыбысымен басталып, сөз басы ұяңданбай өз қалпын сақтаған етістіктерді көптеп мысалға келтіруге болады:

Мәмлүк-қыпшақ: *кеч-* (Торарлі, 2007: 135), қазақша: *кеш-* (ҚазТС, 2008: 393);

Мәмлүк-қыпшақ: *кер-* (Торарлі, 2007: 139), қазақша: *кер-* (ҚазТС, 2008: 386);

Мәмлүк-қыпшақ: *кет-* (Торарлі, 2007: 141), қазақша: *кет-* (ҚазТС, 2008: 392);

Мәмлүк-қыпшақ: *кір-* (Торарлі, 2007: 149), қазақша: *кір-* (ҚазТС, 2008: 438);

Мәмлүк-қыпшақ: *көш-* (Торарлі, 2007: 160), қазақша: *көш-* (ҚазТС, 2008: 420);

Мәмлүк-қыпшақ: *күл-* (Торарлі, 2007: 167), қазақша: *күл-* (ҚазТС, 2008: 427).

Сондай-ақ, мәмлүк-қыпшақ тілінде кейбір етістіктердің сөз арасындағы *-л-* дыбысының түсіп қалуы қазақ тілінде де бар құбылыс. Мысалы, *келтүр-> кетүр~кетір~кітүр-* (әкелу) (Торарлі, 2007: 151) және *олтүр->отүр-* (отыру) (Торарлі, 2007: 206). Түркітанушы ғалым Томановтың сөз арасындағы *-л-* дыбысының түсіп қалуы түркі тілдерінің тарихи даму кезеңіндегі тілдік құбылыс екенін айта келе, бұл құбылыстың жалпы алғанда қыпшақ тілдеріне тән екенін атап көрсетеді (Томанов, 1992: 70). Қазіргі қазақ тілінде кейде ауызекі сөйлеуде «келтір > кетір», «болса > боса», «қалса > қаса» деп те қолданылады.

2) Көмекші етістіктердегі ұқсастықтар.

Мәмлүк-қыпшақ тілінде *ал-, бер-/бир-, бол-, йаз-, тұр-* сияқты бірқатар көмекші етістіктер кездеседі. Аталмыш көмекші етістіктер бір жағынан есім сөздермен тіркесіп, қимыл атауларын білдірсе, енді бір жағынан жетекші етістіктерге тіркесіп, күрделі етістіктер жасайды. Осы екі бағытта да мәмлүк-қыпшақ тіліндегі көмекші етістіктер қазақ тіліндегі көмекші етістіктермен сәйкес келеді. Мысалы: *сатна ал-* «сатып ал-» (Өт-тухфа, 87a5), *ант бир-* «ант бер-» (Өл-Қауани, 77), *армаған бер-* «тарту бер-» (Өт-тухфа, 5a11), *арқа бер-* «жәрдем бер-» (Тәржүман, 59), *ите бер-* «ете бер-, жасай бер-» (Өт-тухфа, 16a2); *кеч/кеш бол-* «кеш бол-» (Өт-тухфа, 67b10); *көре йаз-* «көре жазда-» (Өл-Қауани, 29).

Аталмыш көмекші етістіктердің ішінде, көне түрік тілінде *бол-* түрінде қолданылып, кейін оғыз тілдерінде сөз басындағы «б» дыбысы түсіп қалып, *ол-* болып өзгерген *бол-* көмекші етістігі мәмлүк-қыпшақ тілінің «Өл-Идрак», «Тәржүман», «Әд-дурра», «Өл-Қауани» және «Өт-тухфа» жазбаларында өзгеріссіз *бол-* түрінде кездеседі (Торарлі, 2007: 204). Дегенмен, мәмлүк-қыпшақ тілінің кейбір жазба деректерінде аталған көмекші етістік *бол-/ол-* түрінде де қатар қолданылғаны, бұл ескі Анадолы түрік тілінің әсері болуы мүмкін екендігі айтылады (Eminoğlu, 2011: 259). Мәмлүк-қыпшақ тілі сияқты, қазіргі қазақ тілінде де *бол-* көмекші етістігі өзгеріссіз сақталған, мысалы: *іккі иүзлі бол-* «екіжүзді болу» (Өт-тухфа, 17b17), *хош бол-*

«көңілі хош болу» (Өл-Қауани, 48b1), *хаста бол-* «ауыру болу» (Өт-тухфа, 23a).

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі көмекші етістіктердің ішіндегі ерекше бір көмекші етістік – *йаз-*. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі *йаз-* көмекші етістігі көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғасына тіркеліп, күтпеген іс-қимылды білдіреді. Мысалы: *көре йаз-* «көре жазда-» (Өл-Қауани, 29), *иықыла йаз-* «жығыла жазда-» (Өл-Қауани, 29), *өле йаз-* «өле жазда-» (Өл-Қауани, 29). Қазір түркі тілдерінің ішінде қазақ тілі көмекші етістіктердің санының көптігі мен қызметінің күрделілігі жағынан басқа тілдерден ерекше парықталып тұрады. Осыған орай, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі *йаз-* көмекші етістігі қазіргі қазақ тіліндегі *жазда-* көмекші етістігімен ұқсас. Қазіргі қазақ тілінде *жазда-* көмекші етістігі барлық етістіктердің *-а, -е, -й* тұлғалы көсемшесімен бірге келіп, күтпеген, шұғыл іс-қимылды көрсетеді, мысалы: «ит қауып өле жаздым» (Асылұлы, 2009: 109). Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі *йаз-* көмекші етістігін қазақ тілімен салыстырғанда, қазақ тіліндегі *жазда-* көмекші етістігінің түп тамыры «көз жазу, адасу, сәтсіздікке ұшырау» мағынасындағы *жаз-* яғни *йаз-* негізгі етістігінен келгенін байқаймыз.

3) Есімше мен көсемшедегі ұқсастықтар.

Мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы тағы бір ортақ ерекшелік *-ған/-ген, -қан/-кен* тұлғалы есімшелердің ұқсастығы екенін атап өткен жөн. Қазіргі қазақ тілі мен басқа қыпшақ тілдеріндегі сияқты мәмлүк-қыпшақ тілінде ең жиі қолданылатын есімшелер етістіктің түбір тұлғасына дауысты және дауыссыз дыбыс үндестігіне қарай *-ған/-ген, -қан/-кен* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы:

-ған жұрнағы: *алған* «алған» (Өл-Қауани, 51), *барған* «барған» (Өл-Қауани, 61);

-ген жұрнағы: *ішлеген* «істеген» (Өт-тухфа, 27b2), *келген* «келген» (Өл-Қауани, 23);

-қан жұрнағы: *чыққан* «шыққан» (Өт-тухфа, 46b10);

-кен жұрнағы: *ішіткен* «естіген» (Өт-тухфа, 18b7).

Ал, мәмлүк-қыпшақ тілінде есімшенің *-ған/-ген, -қан/-кен* жұрнақтарымен қатар қолданылған *-мыш/-миш* жұрнағының да бір кездері қазақ тілінде қолданылғанын байқауға болады. Есімшенің *-мыш/-миш* жұрнағы қазақ тіліндегі етістіктен туындаған сөздердің құрамында *-мыш/-мыс* түрінде кездеседі. Мысалы, *аталмыш, жазмыш, тұрмыс, болмыш*.

Сонымен қатар, мәмлүк-қыпшақ тілінде қолданылған *-дашы/-деші* есімше жұрнағының (*келдеші ай* «келесі ай» (Тәржұман, 107) да көмескіленген қалдығы қазақ тіліндегі кейбір сөздердің құрамында сақталып қалған, мысалы: *алдашы* (Энциклопедия, 2017: 199).

Көсемше тұрғысынан алып қарағанда, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі *-ғалы/-гелі, -қалы/-келі* тұлғалы көсемшелер де қазіргі қазақ тілімен бірдей. Мысалы:

-ғалы жұрнағы: *йазғалы* «жазғалы» (Әл-Қауани, 42);

-гелі жұрнағы: *келгелі* «келгелі» (Әл-Қауани, 42);

-қалы жұрнағы: *йатқалы* «жатқалы» (Әл-Қауани, 42).

4) Етістіктің рай категориясындағы ұқсастықтар. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбаларда етістіктің рай категориясына, әсіресе, бұйрық райға ерекше мән берілген. Атап айтқанда, «Тәржұман» қолжазбасының екінші бөлімі «Етістіктің масдары мен бұйрық райы (القسم الثاني في مصادر الأفعال والأمرها)» деп аталса, «Әл-Қауани» еңбегінің «Етістік және оған тиістілер» атты тарауында етістіктің бұйрық райын жан-жақты түсіндіріліп, жіктелуі де баяндалған. «Бұйрық райдың – екінші, бірінші және үшінші жақтары бар. Бұлардың әрқайсысы жекеше немесе көпше түрде жіктеледі. Бұйрық райдың екінші жақтағы жекеше түрі етістіктің бүкіл түрінің жасалуына негіз болады» (Әл-Қауани, ба).

Бұйрық райы I жақ: Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі етістіктің бұйрық райының I жақ көпше түрінің жасалуы қазіргі қазақ тілімен ұқсас. Мысалы, «Әл-Қауани» қолжазбасында бұйрық райдың I жақ көпше түрі, егер түбір жуан дауыссызбен аяқталса, кәсралы *л* дыбысы мен сукунді *қ* дыбысын, яғни *-лық* жалғауын жалғау арқылы жасалатыны, егер олай түбір жіңішке дауыссызбен аяқталса *қ* дыбысының орнына *к* дыбысы қолданылатыны айтылады. Мысалы: *йат-а-лық* «жат-а-лық», *кел-е-лік* «кел-елік», *йе-лік* «жейік» (Әл-Қауани, 8а). Қазіргі қазақ тілінде де бұйрық райдың I жақ көпше түрі *-лық/-лік* жалғауы арқылы кездеседі, мысалы: *баралық, келелік*.

Бұйрық рай II жақ: Мәмлүк-қыпшақ тілінде «бұйрық райдың II жақтағы жекеше түрі сөздердің негізі іспеттес. Бұйрық райдың осы түріне көп мән бермеген қандай да бір адам бұл

тілді толыққанды меңгере алмайды» (Әл-Қауани, 5b). Мысалы: *башла!* «баста!», *сөзле!* «сөйле!» (Әт-тухфа, 50b); *кет!* «кет!» (Әл-Қауани, 41), *оқы!* «оқы!» (Әл-Қауани, 77); *чиз!* «сыз!» (Тәржұман, 42). Ал, бұйрық райдың II жақтағы жекеше түрінің сыпайы түрі *-ңыз/-ңіз* жалғауы арқылы жасалады, мысалы: *тұрңыз* «тұрыңыз», *олтұрңыз* «отырыңыз» (Әл-Қауани, 5b); *алыңыз* «алыңыз» (Әт-тухфа, 83a); *келіңіз* «келіңіз» (Әт-тухфа, 60b); *чизіңіз* «сызыңыз» (Тәржұман, 45).

Бұйрық рай III жақ: Мәмлүк-қыпшақ тілінде бұйрық райдың «III жақ жекеше түрінде түбірге харакаты бар *с* және сукунді *н* дыбыстары, яғни *-сын/-сін* жалғауы жалғанады (Әл-Қауани, 7a). Мысалы: *келсін* «келсін», *ұрсұн* «ұрсын», *ічсін* «ішсін» (Әл-Қауани, 7a); *боузласын* «бауыздасын» (Әт-тухфа, 50b); *чизсін* «сызсын» (Тәржұман, 46).

5) Шақ категориясындағы ұқсастықтар. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі етістіктің морфологиялық, фонетикалық және семантикалық ерекшеліктері және рай категориясымен қатар, шақ категориясының да қазіргі қазақ тілімен ұқсастықтары бар. **Өткен шақ:** Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазбаларда жедел өткен шақ *-ды/-ді, -ты/-ті, -дү/-дү, -тұ/-тү* жұрнақтары арқылы жасалады және жіктеледі, мысалы:

I жақ жекеше:

ал-ды-м «алдым» (Әт-тухфа, 41);

чыз-ды-м «сыздым» (Тәржұман, 40);

кел-ді-м «келдім» (Әл-Қауани, 26).

I жақ көпше:

ал-ды-к «алдық» (Әт-тухфа, 40b);

чыз-ды-қ «сыздық» (Тәржұман, 40);

кел-ді-к «келдік» (Әл-Қауани, 11).

II жақ жекеше:

ал-ды-ң «алдың» (Әт-тухфа, 40b4);

чыз-ды-ң «сыздың» (Тәржұман, 40);

кел-ді-ң «келдің» (Әл-Қауани, 26).

II жақ көпше:

ал-ды-ңыз «алдыңдар» (Әт-тухфа, 40b4);

чыз-ды-ңыз «сыздыңдар» (Тәржұман, 40);

кел-ді-ңіз «келдіңіз» (Әл-Қауани, 26).

III жақ жекеше:

ал-ды «алды» (Әт-тухфа, 40b5);

чыз-ды «сызды» (Тәржұман, 60);

кел-ді «келді» (Әл-Қауани, 26).

III жақ көпше:

ал-ды-лар «алды» (Әт-тухфа, 40b5);

чыз-ды-лар «сызды» (Тәржұман, 60);

кел-ді-лер «келді» (Әл-Қауани, 26).

Мәмлүк-қыпшақ тілінде де жедел өткен шақтың болымсыз түрі етістіктің болымсыз түріне *-ды/-ді, -ты/-ті, -дұ/-дү, -тұ/-тү* жұрнақтары арқылы жасалып, I, II, III жақтарда жіктеледі, мысалы:

I жақ жекеше:

алма-дү-м «алмадым» (Әл-Қауани, 13);
келме-дү-м «келмедім» (Әл-Қауани, 13).

I жақ көпше:

алма-дү-к «алмадық» (Әл-Қауани, 13);
келме-ді-к «келмедік» (Өт-тухфа, 52a4).

II жақ жекеше:

алма-ды-ң «алмадың» (Әл-Қауани, 13);
келме-ді-ң «келмедің» (Өт-тухфа, 52a).

II жақ көпше:

алма-ды-ңыз «алмадыңдар» (Әл-Қауани, 13);
келме-ді-ңіз «келмедіңдер» (Өт-тухфа, 52a).

III жақ жекеше:

бақма-ды «бақпады» (Әл-Қауани, 13);
келме-ді «келмеді» (Өт-тухфа, 52a5).

III жақ көпше:

бақма-ды-лар «бақпады» (Әл-Қауани, 13);
келме-ді-лер «келмеді» (Өт-тухфа, 52a5).

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жедел өткен шақтың (болымды, болымсыз) I жақ жекеше мен көпше, II жақ жекеше және III жақ жекеше түрлері қазіргі қазақ тілімен бірдей. Қазіргі қазақ тілінде жедел өткен шақ *-ды/-ді, -ты/-ті* жұрнақтары арқылы жасалып, жіктеледі (Түймебаев, Сағидолла, 2016: 184-186). Алайды, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жедел өткен шақтың II жақ көпше түрі қазіргі қазақ тіліндегі жедел өткен шақтың II жақ жекеше сыпайы түрімен сәйкес келеді. Ал қазіргі қазақ тілінде жедел өткен шақтың III жақ жекеше және көпше түрі бірдей болып, III жақ көпше түріне көптік жалғауы жалғанбайды.

Осы шақ: Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазбаларда осы шақ категориясы көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғасынан кейін *-дыр/-дір/-дүр* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады, мысалы:

I жақ жекеше:

ала-дыр-мен «алып тұрмын» (Өт-тухфа: 44a);

келе-дір-мен «келіп тұрмын» (Өт-тухфа: 53b).

I жақ көпше:

ала-дыр-быз «алып тұрмыз» (Өт-тухфа: 44a);
келе-дір-біз «келіп тұрмыз» (Өт-тухфа: 53b).

II жақ жекеше:

ала-дыр-сең «алып тұрсың» (Өт-тухфа: 44a);
келе-дір-сең «келіп тұрсың» (Өт-тухфа: 53b);

сөйлей-дір-сең «сөйлеп тұрсың» (Өт-тухфа: 53b).

II жақ көпше:

ала-дыр-сіз «алып тұрсыңдар» (Өт-тухфа: 44a);
келе-дір-сіз «келіп тұрсыңдар» (Өт-тухфа: 53b);

сөйлей-дір-сіз «сөйлеп тұрсыңдар» (Өт-тухфа: 53b).

III жақ жекеше:

ала-дыр «алып тұр» (Өт-тухфа: 44a);

келе-дір «келіп тұр» (Өт-тухфа: 53b);

сөйлей-дір «сөйлеп тұр» (Өт-тухфа: 74b);

кете-дір «кетіп жатыр» (Тәржұман, 38);

оқыа-дыр «оқып жатыр» (Тәржұман, 38).

III жақ көпше:

ала-дыр-лар «алып тұр» (Өт-тухфа: 44a);

келе-дір-лер «келіп тұр» (Өт-тухфа: 53b).

Мәмлүк-қыпшақ тілінде осы шақ категориясы көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғасынан кейін *-йор/-йүр/-йорұр* жұрнақтары жалғану арқылы да жасалады, мысалы:

башила-йор «бастап жатыр» (Өт-тухфа: 75a);

йұмұртқала-йор «жұмыртқалап жатыр» (Өт-тухфа: 75a);

йұмұртқала-йорұр «жұмыртқалап жатыр» (Өт-тухфа: 75a);

келе-йор «келе жатыр» (Әл-Қауани, 26);

келе-йор-лар «келе жатыр» (Әл-Қауани, 26);

кете-йор «кетіп жатыр» (Өт-тухфа: 75a).

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі осы шақ категориясының I жақ жекеше мен көпше, II жақ жекеше және III жақ жекеше түрлері қазіргі қазақ тілімен ұқсас болып келеді. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі осы шақтың *-дыр/-дір/-дүр* және *-йор/-йүр/-йорұр* жұрнақтарының, әсілінде, *тұр-, йор-көмекші* етістіктерінен келгенін айтуға болады. Ал, қазіргі қазақ тілінде нақ осы шақтың күрделі түрі көсемшенің *-а, -е, -й, -ып, -іп, -п* түрінде келген етістік пен *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктерінің жалғануы арқылы жасалады (Түймебаев, Сағидолла, 2016: 195).

Сондай-ақ, қазіргі қазақ тілінде көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғасынан кейін жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалатын ауыспалы осы шақ түрі (мәселен: *келе-мін, ойна-й-сың, бар-а-ды*) де мәмлүк-қыпшақ тілінде аз да болса кездеседі, мысалы:

келе-мен «келемін» (Өт-тухфа: 75a).

келе-біз «келеміз» (Өт-тухфа: 75b).

Келер шақ:

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазбаларда бірде келер шақ, бірде осы шақ мәнінде қолданылатын

-ар/-ер, -ыр/-ір, -ұр/-ұр жұрнақтары кездеседі. «Өт-тухфа» еңбегінде шақтың бұл түрін «әрі осы шақ, әрі келер шақ мүмкіндігі бар» деп сипаттайды (Өт-тухфа: 54b). Шақтың бұл түрі де I, II, III жақтарда жіктеледі, мысалы:

I жақ жекеше:

ал-ыр-мен «алармын» (Өт-тухфа, 44a);
чыз-ар-мен «сызармын» (Тәржұман, 40/49);
тұр-ұр-мен «тұрармын» (Әл-Қауани, 48).

I жақ көпше:

ал-ыр-біз «алармыз» (Өт-тухфа, 44a);
чыз-ар-біз «сызармыз» (Тәржұман, 40/50);
тұр-ұр-біз «тұрармыз» (Әл-Қауани, 48).

II жақ жекеше:

ал-ыр-сең «аларсың» (Өт-тухфа, 44a);
чыз-ар-сен «сызарсың» (Тәржұман, 40/49);
тұр-ұр-сен «тұрарсың» (Әл-Қауани, 48).

II жақ көпше:

ал-ыр-сіз «аларсыз» (Өт-тухфа, 44a);
чыз-ар-сіз «сызарсыз» (Тәржұман, 40/49);
тұр-ұр-сіз «тұрарсыз» (Әл-Қауани, 48).

III жақ жекеше:

ал-ыр «алар» (Өт-тухфа, 44a);
тұр-ұр «тұрар» (Әл-Қауани, 48).

III жақ көпше:

ал-ыр-лар «алар» (Өт-тухфа, 44a);
тұр-ұр-лар «тұрар» (Әл-Қауани, 48).

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі бұл шақ түрінің болымсыз түрі *-мас/-мес, -маз/-мез* жұрнақтары арқылы, яғни етістіктің *-ма/-ме* болымсыз түрінен кейін *-с/-з* жұрнақтары жалғану арқылы жасалып, I, II, III жақтарда жіктеледі, мысалы:

I жақ жекеше:

кел-мез-мен «келмеспін» (Өт-тухфа, 51b10);
кел-мес-мен «келмеспін» (Әл-Қауани, 14).

I жақ көпше:

кел-мез-біз «келмеспіз» (Өт-тухфа, 51b10);
кел-мес-біз «келмеспіз» (Әл-Қауани, 14).

II жақ жекеше:

кел-мез-сең «келмессің» (Өт-тухфа, 51b10);
кел-мес-сен «келмессің» (Әл-Қауани, 14).

II жақ көпше:

кел-мез-сіз «келмессіз» (Өт-тухфа, 51b11);
кел-мес-сіз «келмессіз» (Әл-Қауани, 14).

III жақ жекеше:

кел-мез «келмес» (Өт-тухфа, 51b11);
кел-мес «келмес» (Әл-Қауани, 14).

III жақ көпше:

кел-мез-лер «келмес» (Өт-тухфа, 51b11);
кел-мес-лер «келмес» (Әл-Қауани, 14).

Ал, қазіргі қазақ тілінде есімшенің *-ар/-ер, -р* жұрнақтарының жіктелуі арқылы жасалатын шақ түрі – болжалды келер шақ деп аталады (Түймебаев, Сағидолла, 2016: 199). Болжалды келер шақтың болымсыз түрі болымсыз етістіктен кейін *-с* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады (Түймебаев, Сағидолла, 2016: 199).

Қорытынды

Орта ғасырларда ұлан-ғайыр Дешті-Қыпшақ даласы алып империялардың отаны ғана емес, Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени, әдеби және тілдік қарым-қатынастардың алтын көпірі болғанын айта аламыз. Дешті-Қыпшақ даласы мен тұтас Еуразия аймағында Алтын Орда мемлекеті дәурендеп, алыс-жақын елдермен ресми саяси-әскери, экономикалық және дипломатиялық қарым-қатынастарды қыпшақ тілі арқылы жүргізіп тұрған шақта, сонау Таяу Шығыстағы Мысыр елінде де қыпшақ тілі емін-еркін қолданылған болатын. Соның анық бір дәлелі ретінде Мысыр елін билеген мәмлүктер кезінде қыпшақ тілінде жазылған жазбаларды атауға болады. Сол кезеңдегі жазба деректер негізінде мәмлүк-қыпшақ тілінің ерекшеліктері немесе Мәмлүк пен Дешті-Қыпшақ арасындағы саяси-дипломатиялық байланыстар туралы бір-қатар зерттеулердің болғанын қарамастан, мәмлүк-қыпшақ тілі мен Дешті Қыпшақ жұртындағы бүгінгі қыпшақ тілдері арасындағы тілдік байланыстары туралы арнайы зерттеулердің аз екенін де атап өткен жөн. Осы жағдайды ескере отырып, бұл мақалада мәмлүк-қыпшақ тіліндегі етістіктердің басты ерекшеліктері мен шақ және рай категориясы қазіргі қазақ тілімен салыстырылды. Орта ғасырдағы мәмлүк-қыпшақ тілінің лексикасын зерттеу арқылы мәмлүк-қыпшақ тілінің өмірдің барлық саласында қолданылғанын, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі әдебиеттердің адамзат өркениетінде алатын орны ерекше деп айтуға болады. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілінің тұтас Дешті-Қыпшақта және Мысырда қалыптасып дамыған ортағасырлық қыпшақ тілімен тамырлас екендігі дәлелденді. Қазақ тілінің қалыптасуын және тарихи дамуын зерттеуде, кезеңдерін анықтауда XIII-XV ғасырларда мәмлүктер билігі кезінде жазылған қыпшақ мәдениеті мен тіліне қатысты мәдени-тарихи жәдігерлер құнды дереккөз болып табылады.

Қаржыландыру

Бұл жұмыс ҚР БЖҒМ гранттық қаржыландыруымен АР09058228 «Мәмлүк-қыпшақ тілі

нің лексикалық қоры (XIV ғасырдағы «Китаб Бұлғат әл-Муштақ» қолжазбасы негізінде) ғылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

- Алжанбаева Ұ.Т. (2001). Араб тіліндегі түркізмдер (қазақ лексикасы бойынша). – Алматы: Қазақ университеті. – 145б.
- Арынов Т. (1983). Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-тухфа аз-закияя фил-луга-ат-туркийя». – Алматы. – 152 с.
- Асылұлы О. Қара өлеңдер. – Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2009.
- Al-Turk, G. (2006). Et-Tuhfetü'z-zekiyye fi'l-Lugati't-Türkiyye Üzerine Bir Dil İncelemesi, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Ankara: Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.
- Әл-Қауанин әл-куллия лидабт әл-луғат әт-туркийя (القوانين الكلية لضبط اللغة التركية). Ыстамбұлдағы Сүлеймания кітапханасының Шаһид Али Паша бөлімі, №1559 қ. – 85 парақ.
- Bilgin A.A., Nacieminoğlu N. (2002). “Kıpçak Türkçesi”. *TDV İslâm Ansiklopedisi*, 25. Cild. – Ankara: TDV Yayınları. s. 421-424.
- Булаховский Л.А. (1954). Введение в языкознание. – М.: Учпедгиз. – 178 с.
- Дүйсенов С. (1995). Әл-Қауанин-л-куллия лидабти-л-луғати-т-туркийяты «Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы» (мазмұны, графикасы, орфографиясы, фонетикасы): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы. – 150 б.
- Eminoğlu, E. (2011). *Kitâbü'l-Ef'âl*, Ankara: Akçağ Yayınları.
- Eckmann, J. (1963) “*The Mamluk-Kipchak Literature*”. *Central Asiatic Journal*, Vol. 8, No. 4, pp. 304-319.
- Энциклопедия (2017). Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. – Алматы: Алем даму интеграция. – 855 б.
- Gülensoy T. (2007). Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözcüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü. 1.cilt. – Ankara: Türk Dil Kurumu. – 608 s.
- Koprman Y. (2002). “Mısır Memlûkleri”. Hasan Celal Güzel (Ed.)de, *Türkler*, 5. Cilt. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları. s. 99-126.
- Маженова М.Н. (1969). Абу Хайян – исследователь кипчакского языка: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата. – 53 с.
- Oba E. (2020). Kazakça'nın tarihi Türk lehçelerine göre söz varlığı. – İstanbul: IQ. – 604.
- Сыздықова Р. (2014). Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре». – 352 б.
- Томанов М. (1992). Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті». – 192 б.
- Toparlı, R. vd. (2007). *Kıpçak Türkçesi Sözlüğü*. 2.bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu. – 338 s.
- Toparlı, R. vd. (1999). *El-Kavaninü'l-Külliyе Li-Zabti'l-Lügati't-Türkiyye*, Ankara: TDK Yayınları.
- Toparlı R., Çögenli S., Yanık N. (1999). *Kitabu'l Mecmu-i Tercumani Turki ua Acami ua Mugali*. – Ankara: Türk dili kurumu. – 240 s.
- Түймебаев Ж., Сағидолла Г. (2016). Қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы сипаттамалы грамматикасы. – Астана. – 295 б.
- Yiğit İ. (2004). “Memlûkler”. *TDV İslâm Ansiklopedisi*, 29. Cild. – Ankara: TDV Yayınları. s. 90-97.
- Yücel M.U. (2002). “Kıpçaklar”. *TDV İslâm Ansiklopedisi*, 25. Cild. – Ankara: TDV Yayınları. s. 420-421.

References

- Alzhanbayeva UT (2001). Arab tilindegi turkizmder (qazaq leksikasy bojnsha) [Turkisms in Arabic (according to the Kazakh lexicon)]. – Almaty: Kazakh University. – 145 p.
- Arynov T. (1983). Leksiko-semanticheskie i stilisticheskie osobennosti jazyka starokipchakskogo pamjatnika «Kitab at-tuhfa az-zakija fil-luga-at-turkiya» [Lexico-semantic and stylistic features of the language of the old Kipchak monument "Kitab at-tuhfa az-zakija fil-luga-at-turkiya"]. – Almaty. – 152 p.
- Asyluly O. Qara olender [Black poems]. – Urumqi: Xinjiang People's Publishing House, 2009.
- Al-Turk, G. (2006). Et-Tuhfetü'z-zekiyye fi'l-Lugati't-Türkiyye Üzerine Bir Dil İncelemesi, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi [A Language Study on Et-Tuhfetü'z-zekiyye fi'l-Lugati't-Türkiyye, Unpublished Master's Thesis], Ankara: Gazi University Institute of Social Sciences.
- Al-Qawanin al-kulliyа lidabt al-lugат at-turkiya (التركية اللغة لضبط القوانين). Shahid Ali Pasha Department of the Suleymaniye Library in Istanbul, 51559 – 85 sheets.
- Bilgin A. A., Nacieminoğlu N. (2002). *Kıpçak Türkçesi* [Kipchak Turkish]. *TDV Encyclopedia of Islam*, 25. Tom. – Ankara: TDV Publications. s. 421-424.
- Bulakhovsky L.A. (1954). Vvedenie v jazykoznanie [Introduction to linguistics]. – М.: Uchpedgiz. – 178 p.
- Duissenov S. (1995). Turki tilinin tolyk zhujelengen erezheler zhinagy [Al-Kauanina-l-kulliyа lidabti-l-lugati-t-turkiyati "Complete systematized set of rules of the Turkic language"] (content, graphics, spelling, phonetics): philol. science candid. ... dis. – Almaty. – 150 p.
- Eminoglu, E. (2011). *Kitâbü'l-Ef'âl*, Ankara: Akçağ Publications.

- Eckmann, J. (1963) "The Mamluk-Kipchak Literature". Central Asiatic Journal, Vol. 8, No. 4, pp. 304-319.
- Encyclopedia (2017). Qazaqtyn etnografıjalyq kategorıjalar, uqymdar men atalarynyn dasturly zhujesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names: encyclopedia]. – Almaty: World Development Integration. – 855 p
- Gülensoy T. (2007). Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözcüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü [Dictionary of Origin of Turkish Words in Turkey Turkish]. 1st tom. – Ankara: Turkish Language Association. – 608 p.
- Koprman Y. (2002). "Mısır Memlûkleri" [The Mamluks of Egypt]. In Hasan Celal Güzel (Ed.), Turks, 5.Tom. – Ankara: New Turkey Publications. s. 99-126.
- Mazhenova MN (1969). Abu Hajjan issledovatel' kipchakskogo jazyka [Abu Hayyan is a researcher of the Kipchak language]: author's ref. ... cand. filol. science. – Alma-Ata. – 53 p.
- Oba E. (2020). Kazakça'nın tarihi Türk lehçelerine göre söz varlığı [Vocabulary of Kazakh according to historical Turkish dialects]. – Istanbul: IQ. –604.
- Syzdykova R. (2014). Qazaq adebi tilinin tarihy (XV-XIX gasyrlar) [History of the Kazakh literary language (XV-XIX centuries)]: Collection of multi-volume works. – Almaty: "El-shezhire". – 352 p.
- Tomanov M. (1992). Turki tilderinin salystrymary grammatikasy [Comparative grammar of Turkic languages]. – Almaty: "Kazakh University". – 192 p.
- Toparli, R. (2007). Kıpçak Türkçesi Sözlüğü [Kipchak Turkish Dictionary]. 2 nd. edition – Ankara: Turkish Language Association. – 338 p.
- Toparli, R. (1999). El-Kavanînü'l-Küllîye Li-Zabti'l-Lügati't-Türkiyye, Ankara: TDK Publications.
- Toparli R., Çögenli S., Yanık N. (1999). Kitabu'l Mecmu-i Tercumani Turki ua Acami ua Mugali. – Ankara: Turkish language institution. – 240 s.
- Tuimebayev Zh., Sagidolla G. (2016). Qazaq zhane turik tilderinin salystrymary sipattamaly grammatikasy [Comparative descriptive grammar of Kazakh and Turkish languages]. – Astana, –295 p.
- Yigit I. (2004). Memlûkler [Mamluks]. TDV Encyclopedia of Islam, 29. Tom. – Ankara: TDV Publications. s. 90-97.
- Yucel M.U. (2002). Kıpçaklar [Kipchaks]. TDV Encyclopedia of Islam, 25. Tom. – Ankara: TDV Publications. s. 420-421.